

**2011 жылдың қаңтар-наурызда тіркеу жылында он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 10 шешімі. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 23 желтоқсанда № 1-4-178 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы Ережелеріне сәйкес, Аршалы ауданының әкімі ШЕШІМ

- Е Т Т І :
1. «Ақмола облысы Аршалы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде 2011 жылғы қаңтар-наурызда тіркеу жылында он жеті жасқа толатын, 1994 жылы туған, еркек жынысты азаматтардың тіркеуі ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.
  2. Аршалы ауданы әкімінің «2010 жылдың қаңтар-наурызында тіркеу жылында он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы» 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 12 ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 1-4-165 тіркелген, 2010 жылғы 26 ақпанда аудандық «Аршалы айнасы» және «Вперед» газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.
  3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды Аршалы ауданы әкімінің орынбасарының міндетін атқарушы Ақшинеев Бекет Тұрсынханұлына жүктелсін.
  4. Осы шешім Аршалы аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы	Аршалы ауданының	әкімінің
«КЕЛІСІЛДІ»	Т.Мұханбеджанов	
мекемесінің бастығы	«Ақмола облысы	Аршалы
	ауданының	Қорғаныс істері
	жөніндегі	бөлімі» мемлекеттік
	Р.Нүркеев	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК